

«Күншуақ» б/б-ның МКҚК-ның
әдіскері Н.Б.Абишева

«Күншүяк» б/б-нын МККК-нын
менгерушісі Р.К.Муканова



**«Балдырған» ересек тобының (4жастан бастап)
Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеу циклограммасы
2021-2022оқу жылы**

**Тәрбиешілер: Р.М.Алдабаева
Г.Ж.Муханова**

ЦИКЛОГРАММА
Бір аптаға (01-03 қыркүйек 1 -ші апта 2021ж.)
«Балдырған » ересектер тобы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Тақырыбы: «Менің балабақшам»

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;
5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

Күн тәртібі	Уақыт ы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	8.00-8.50	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Қоршаған ортаға жағымды мінез құлық пен үлкендермен жағымды қарым – қатынас жасау дағдыларын айтып түсіндіру.				
	8.40-8.50			Сөздік ойын «Сынарын тап» Балалардың логикалық ойлауларын бақылау. Қ.Р .Мемлекеттік гімні	Д/о: «Не артық?» Мақсаты: балалардың зейінін, байқампаздығын арттыру.	Балабақша туралы тақпақ үйрену
		Жаттығулар кешені				
Таңертеңгі гимнастика	8.50-9.00	Ойын- жаттығу: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым,				

Гигиеналық шаралар		Таза бетің, маңдайың.Тазалықтың досы Су дегенім осы.				
Таңғы ас	9.00-9.20	Тамақты төкпей, қоқымдарын жерге шашпай ұқыпты тамақ ішулерін қадағалау. Асханада тыныштықты сақтау. Бата беру. Денге саулық берсін, Басқа амандық берсін. Әумин. Астан кейін беті қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу.				
Гигиеналық шаралар						
Ойындар. Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.	9.20-9.30	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар мен баяу қимылды ойын-жаттығулар				
				Қауіпсіздік ережелімен таныстыру	Қимылды ойын: «Машина мен торғайлар» Мақсаты: жылдам, епті болу	Сіренкемен ойнауға болмайды!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі Әр оқу қызметінен кейін гигиеналық шаралар	09.30-11.15			Жаратылыстану Тақырыбы: «Бізді қоршаған табиғат» Мақсаты: Жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: жасайды: жанды және жансыз нысандардың атауларын; түсінеді: жанды және жансыз табиғаттың өзара байланысын; қолдан жасалған (жасанды) әлем нысандарын; қолданады: оқу-ойын іс-	Құрастыру Тақырыбы: «Көп қабатты үйлер» Мақсаты: кірпіштерді тігінен және көлденеңінен орналас-тыру тәсілдерін қол-дана отырып көп қабатты үйлерді құрастыруды үйрету, үлгі бойынша құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Міндеттері: - үлгі бойынша құрылыс материал-дарынан көп қабатты үйді құрастыруға үйрету; - кірпіштерді тігінен және көлде-неңінен қою арқылы кеңістікте құрылыс материалдарын дұрыс орналастыра білу	Мүсіндеу Тақырыбы: «Алма мен алмұрт» Мақсаты: мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін меңгерту. Міндеттері: күзде пісетін жемістер туралы түсінік беру; алма мен алмұртты салыстыру арқылы пішініндегі айырмашылықты анықтау; ермексазды домалақтау, созу тәсілдерін қайталау; сөйлеу тілін дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: жасайды: домалақ-тау, созу тәсілімен

				әрекеті барысында бірлесіп әрекет ету дағдыларын Дене шыңықтыру (д/ш нұсқаушысы) (таза ауада) Орыс тілі (мұғалімі)	қабілеттерін дамыту; - құрылыс материалдарының бөлшектерін атай білу, олардың құрылымдық қасиеттерін ескере отырып ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: жасайды: үлгі бойынша құрылыс материалдарынан көп қабатты үйді құрастыруды; түсінеді: кірпіштерді тігінен және көлденеңінен қою арқылы кеңістікте құрылыс материалдарын дұрыс орналастыруды; қолданады: құрылыс материалдарының бөлшектерін, олардың құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалану дағдысын. Музыка (музыка жетекшісі)	жемістер жасайды; түсінеді: әртүрлі жемістерден үйлесімді натюрморт құрастыруды; күзгі жиын-терін туралы; қолданады: домалақтау, созу дағдыларын Дене шынықтыру (д/ш нұсқаушысы)
Дәрумендер терапиясы Гигиеналық шаралар	11.15-11.20	Балаларға денсаулықтарын нығайту мақсатында жемістер беру. Балаларға жеміс жидектің құрамындағы дәрумендердің адам ағзасы үшін қандай пайдасы бар екенін түсіндіріп кету.				
Серуен	11.20-12.30			Картотека №1	Картотека №2	Картотека №3

Серуеннен оралу	12.30-12.45	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, үстіндегі киімдерінің қандай екеніне назарларын аудару.Қыз бала мен ұл баланың киімдері қандай болатыны жайлы әңгімелесіп шешіну.Серуенен алған әсерлерімен бөлісуге үйрету; Гигиеналық шаралар.				
Түскі ас	12.45-13.05	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. Ас мәзірімен танысу, үстел басында дұрыс отыру ережелерін сақтау, тамақты тауысып, ұқыпты ішулерін қадағалау, алғыс білдіру, бата беру.				
Гигиеналық шаралар	13.05-13.15	Астан кейін мәдени гигиеналық шараларды орындау. Киімдерін әдемілеп жинап, бүктеуге дағдыландыру. Ұйқыға жату.				
Түскі ұйқы	13.15-15.15	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	15.15-15.30	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.Аяқ бұлшық еттерін дамыту. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. Ойын-жаттығу: Түйме үстінен жүреміз сытыр- сытыр -сытыр Тас үстімен жүреміз тырс –тырс- тырсШалшық сумен жүреміз шолп- шолп-шолп Жолдарменен жүреміз топ -топ -топ. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Тазалықтың досы су дегенім осы Гигиеналық шаралар.				
Ойындар, дербес әрекет	15.30-16.10			С.р.о.: «Шаштараз» Мақсаты: Балалардың достық қарым-қатынастарын,ұжымдық сезім-дерін дамыту. Еңбек-ке деген,сүйіспенші-ліктерін арттыру.	Д.о.: «Кімнің заттары?» Мақсаты: жақын адамдарының заттарын анықтау; Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	Қ.қ.о.: «Кім жылдам жинайды?» Мақсаты: балаларды ептілікке,жылдамдыққа үйрету.
Вариативті компонент Гигиеналық шаралар	16.10-16.35			В.К. «Өнерлі екен он саусақ» Тақырыбы: «Ұшақтар» бүктеу Мақсаты: Қағаздың түрлерімен таныс-тыру,		В.К. «Тәрбие – тал бесіктен» Тақырыбы: «Менің туыстарым»

				Мақсаты: Қағаздың түрлерімен таныс-тыру, қағаздан бүктеу әдісін түсіндіріп, дайындау		
Бесін ас	16.35-17.00	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу. Ас мәзірімен таныстыру. Асханада мәдениет ережелерін сақтауды естеріне түсіру, дұрыс отыру, тамақты тауысып, ұқыпты інулерін қадағалау. Бата, алғыс білдіруді ұмытпау. Дәлізде шуламауды ескерту. Гигиеналық шаралар.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс. Гигиеналық шаралар	17.00-17.25			Ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды, сөз тіркестерін айтуды (3-5 сөзбен) дамыту (А.Рауап, Ж. Аяулым, З. Дарин)	«Көп», «біреу», «бір-бірден», «бір де біреуі жоқ» білімдерін дамыту; (О.Жаңгерке, М.Аяулым, Б. Ясмина)	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту (Ж.Жеңіс, Н. Батырхан, Ж. Қажымұқан)
Серуенге дайындық	17.25-17.30	Балаларды киінгенде түймелерін қарап, аяқ киімінің бауын байлауды қадағалау. Балабақша ауласына серуен.				
Серуен	17.30-18.30	Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар» Мақсаты: шапшаңдыққа, еңгілікке баулу.				
Балалардың үйге қайтуы	18.30-			Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен төлем ақыны уақытылы төлеулері жайлы жұмыс жүргізу.	Ата-аналарға демалыс күндерінен соң спорттық киімдерін, ұйықтарда киетін киімдерін, қыз балалар тарақтарын ұмытпауды ескерту.

Тексерілді: әдіскер Н.Б.Абишева



Тәрбиеші: Р.М. Алдабаева

ЦИКЛОГРАММА
Бір аптаға (06 - 10 қыркүйек 2 -ші апта 2021ж.)
«Балдырған» ересектер тобы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Тақырыбы: «Менің достарым»

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;
5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

Күн тәртібі	Уақыт ы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) Таңертеңгі гимнастика Гигиеналық шаралар	8.00-8.40	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Қоршаған ортаға жағымды мінез құлық пен үлкендермен жағымды қарым – қатынас жасау дағдыларын айтып түсіндіру.				
	8.40-8.50	Д.О «Танып ал да, атын ата» ҚР Мемлекеттік гимні	Д.О «Суреттерді орналастыр»	Үстел үсті : Қысқыштармен ойналатын ойын	. Сюжеттік рөлдік: «Жолаушылар»	«Өзара айырмашылығын тап» Мақсаты: Суреттер-ді салыстыра отыр-ып айырмашылығын
	8.50-9.00	Жаттығулар кешені				
		Ойын жаттығу: Нан қикымын шашпандар Жерде жатса баспандар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар Сиқырлы сөз:				

		«Астарыңыз дәмді болсын!»				
Таңғы ас Гигиеналық шаралар	9.00-9.20	Сиқырлы сөз: Астарыңыз дәмді болсын! Бата беру Берейін бата асыңа Амандық берсін басыңа Бөденедей жорғалап Қыдыр келсін қасыңа				
Ойындар. Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.	9.20-9.30	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар мен баяу қимылды ойын-жаттығулар				
		«Дос достыққа» сергіту ойыны Шарты: Ол үшін жасалатын қимылды тез-тез жасау керек. 5 секундтың ішінде өзіңізге серіктес тауып алыңыз да тез-тез онымен қол алысыңыз. Ал енді бір-бірімізбен «сәлемдесеміз»: Оң қол оң қолмен! Мұрын мұрынмен! «Дос достыққа» деген бұйрықты естігенде жұптарыңызды айырбастайсыздар. Бүгін біз ой, сезім және мінез-құлық бір-бірімен қалай байланысты екендігін білеміз	«Менің достарым» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.	Ой шақыру. ДОС — деген сөзді естігенде ойларыңа қандай сөздер келеді. Қане балалар ассоциация жасайық. ДОС → Адал, мейірімді, шыншыл, қайырымды, көмектеседі, ұқыпты, жанашыр, қамқор арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. Тіл байлығын жетілдіру	«Менің достарым» Мақсаты: Дара мен оның достары туралы ағылшын тілінде мағлұматтар беру.	Дид-қ ойын: «Сәлемдесу» Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	09.30-11.15	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қуыршақ бізге қонаққа келді	Математика негіздері Тақырыбы: Заттар тобын салыстыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Алтын күз келді!» Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Балабақша»	Жапсыру Тақырыбы: «Достарыма арналған үй»


Әр оқу қызметінен кейін гигиеналық шаралар		(ойыншықты суреттеу арқылы әңгіме құрау) Мақсаты: «Ойыншық» тақырыбы бойынша ауызша сөйлеулерін дамыту. Міндеттері: а) Педагогтің үлгісі бойынша балалардың ойыншықтарды сипаттай білу біліктерін жетілдіру, ә) Өз ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгертуге баулу; еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. б) Эстетикалық талғамын арттыру. Күтілетін нәтиже: біледі: ұлттық киім атауларын; түсінеді: жаңа сөздер мен ізгі сөздерді; қолданады: қонақжайлылықты Сурет салу Тақырыбы: «Досымның үйі» (заттық сурет салу) Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді	Оң жақ – сол жақ. Мақсаты: 2-3 санды салыстыру, үлгі бойынша санау; уақыт және кеңістікте бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру; өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалауларын дамыту. Күтілетін нәтиже: біледі: заттарды санауды; түсінеді: үлгі бойынша санауды, екі топтағы заттарды теңестіруді, заттың орналасқан орнын анықтап, сөзбен баяндауды; қолданады: заттың атауы мен оның санын сәйкестендіру туралы түсінікті, қағаз бетінде бағдарлауды Көркем әдебиет Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі Мақсаты: Ертегіні сюжеті бойынша драмалауды, түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстауды үйрету, достық қарым-қатынас және өзара	туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы ауа райының жайын бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үйрету. Қарапайым дербес тәжірибе әрекетін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Құрдастарына достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: жасайды: табиғаттағы маусымдық өзгерістерді, жыл мезгілдерін атайды; түсінеді: табиғаттағы өзгерістерді не үшін бақылау қажеттігін; күзде қалай киіну керектігін; қолданады: бақылау, еңбек, тәжірибе арқылы себеп-салдарлық байланыстарды өзі анықтайды. Дене шынықтыру (д/ш нұсқаушысы)	Мақсаты: Балабақшаның отбасына ұқсайтынын көрсету, балабақша қызметкерлерінің мамандықтары туралы білім беру (медбике, аспаз): ересектердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Балалардың бір-біріне деген мейірімді қарым-қатынасын тәрбиелеу: баланың жағымды көңіл-күйлерін дамыту. Күтілетін нәтиже: жасайды: балабақша, балабақша ішінде орналасқан бөлмелер мен кабинеттер, ондағы қызметкерлердің жұмысы, құрал-саймандары туралы біледі. түсінеді: асхана, жатын бөлме, кір жуатын бөлме, медбике кабинеті мен онда жұмыс істейтін адамдардың қызметі, құрал-саймандары туралы түсінеді.	Мақсаты: Қоршаған орта және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Балаларды қайшы мен жұмыс істеуге үйрету, техникалық қауыпсіздік ережелерін түсіндіру. Тікбұрыш, шаршылармен үйдің өабырғасын, үшбұрышпен үйдің шатырын жасауға болатындығын түсіндіру. Тілдерін дамыту. Саусақтың бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Қайырымдылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Түсінеді: Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды біледі. Қолдана алады: Досына үй жасап береді. Дене шынықтыру (д/ш нұсқаушысы)
--	--	--	--	--	---	--

		үйрету. Үлгі бойынша пішінін ескере отырып сурет салуды үйрету. Күтілетін нәтиже: Біледі: геометриялық пішіндердің аттарын; Игереді: геометриялық пішіндерді қолданып, үйдің суретін салады; Меңгереді: дұрыс бояуды, пішіндерден үй құрастыруды. Дене шынықтыру (д/ш нұсқаушысы)	көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Білуі: Жұмбақтың шешімін таба біледі. Меңгеруі: Ертегі кейіпкерлерін біліп, тапсырмаларын орындай алуы. Жасай алуы: Суретті бояй біледі. Музыка (музыка жетекшісі)		қолданады: балабақшадағы мамандық иелерінің атауларын, қызметін біледі, алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана алады. Олардың еңбектері үшін алғыс білдіре алады.	
Дәрумендер терапиясы Гигиеналық шаралар	11.15-11.20	Балаларға денсаулықтарын нығайту мақсатында жемістер беру. Балаларға жеміс жидектің құрамындағы дәрумендердің адам ағзасы үшін қандай пайдасы бар екенін түсіндіріп кету.				
Серуен	11.20-12.30	Картотека №4	Картотека №5	Картотека №6	Картотека №7	Картотека №8
Серуеннен оралу	12.30-12.45	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, үстіндегі киімдерінің қандай екеніне назарларын аудару. Қыз бала мен ұл баланың киімдері қандай болатыны жайлы әңгімелесіп шешіну. Серуенен алған әсерлерімен бөлісуге үйрету; Гигиеналық шаралар.				
Түскі ас	12.45-13.05	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. Ас мәзірімен танысу, үстел басында дұрыс отыру ережелерін сақтау, тамақты тауысып, ұқыпты ішулерін қадағалау, алғыс білдіру, бата беру.				
Гигиеналық шаралар	13.05-13.15	Астан кейін мәдени гигиеналық шараларды орындау. Киімдерін әдемілеп жинап, бүктеуге дағдыландыру. Ұйқыға жату.				
Түскі ұйқы	13.15-15.15	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,	15.15-15.30	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Аяқ бұлшық еттерін дамыту. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				

ауа, су шаралары		Ойын-жаттығу: Түйме үстінен жүреміз сытыр- сытыр -сытыр Тас үстімен жүреміз тырс –тырс- тырсШалшық сумен жүреміз шолп- шолп-шолп Жолдарменен жүреміз топ -топ -топ. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Тазалықтың досы су дегенім осы Гигиеналық шаралар.				
Ойындар, дербес әрекет	15.30-16.10	Дид/ойын: «Мағынасын тап» Мақсаты: Балалардың талдау және жинақтау қабілеттерін, қиялдарын дамыту.	Қимылды ойын: № 1 «Күш сынаспақ»	С.р.о.: «Шаштараз» Мақсаты: Балалардың достық қарым-қатынастарын,ұжымдық сезімдерін дамыту. Еңбекке деген,сүйіспеншіліктерін арттыру.	Д.о.: «Кімнің заттары?» Мақсаты: жақын адамдарының заттарын анықтау; Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	Қ.қ.о.: «Кім жылдам жинайды?» Мақсаты: балаларды ептілікке,жылдамдыққа үйрету.
Вариативті компонент Гигиеналық шаралар	16.10-16.35			В.К. «Өнерлі екен он саусақ» Тақырыбы: «Аққулар» қол еңбегі Мақсаты: Қағаздың түрлерімен таныстыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.		В.К. «Тәрбие – тал бесіктен» Тақырыбы: «Әлди-әлди»
Бесін ас	16.35-17.00	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу. Ас мәзірімен таныстыру. Асханада мәдениет ережелерін сақтауды естеріне түсіру, дұрыс отыру, тамақты тауысып, ұқыпты ішулерін қадағалау. Бата, алғыс білдіруді ұмытпау. Дәлізде шуламауды ескерту. Гигиеналық шаралар.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс.	17.00-17.25	Геометриялық пішіндерді және геометриялық денелерді зерттеу барысында	уақыт және кеңістік бойынша бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру.	сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында	Түрлі өсімдіктердің өсетін жерлері туралы түсініктерін қалыптастыру.	5 -ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті

Гигиеналық шаралар		олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу арқылы ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды дамыту(Н.Нариман, А.Ержигит,Ж.Жеңіс)	(А.Сара, М.Назым, Ж.Маржан)	еркін ұстауға дағдыларын дамыту (Ө.Самир, Ж. Балжан, Ш.Раяна)	(К.Еркеназ, Т.Айлана, О.Медина)	бойынша атауға «нешінші?» сұрақтарына жауап беруді үйрету (К.Арсен, Ж.Аяулым)
Серуенге дайындық	17.25-17.30	Балаларды киінгенде түймелерін қарап, аяқ киімінің бауын байлауды қалағалау. Балабақша ауласына серуен.				
Серуен	17.30-18.30	Балабақша ауласына серуен, балалармен әңгімелесу -Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? - Ауа- райы салқындайды, ағаштардың жапырақтары сарғайып , жерге түседі, шөп сарғайып қурайды. Тамыздың жылы күндерінен кейін алтын күз келді. Күз барлық ағаштар мен бұталарды өз бояуына бояйды, біреуін –сары, енді біреуін - ашық қызыл түске бояйды.				
Балалардың үйге қайтуы	18.30-	Ата –аналармен балалардың тазалық-тары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиеші-ден сұранып үйге қайтуы.	Ата-аналарға кеңес: Баланыздың қанша досы бар?	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен төлем ақыны уақытылы төлеулері жайлы жұмыс жүргізу.	Ата-аналарға демалыс күндерінен соң спорттық киімдерін, ұйықтарда кистін киімдерін, қыз балалар тарақтарын ұмытпауды ескерту.

Тексерілді: әдіскер Н.Б.Абишева



Тәрбиеші: Р.М. Алдабаева

ЦИКЛОГРАММА
Бір аптаға (13 – 17 қыркүйек 3 -ші апта 2021ж.)
«Балдырған» ересектер тобы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;
5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

Күн тәртібі	Уақыт ы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	8.00-8.40	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Қоршаған ортаға жағымды мінез құлық пен үлкендермен жағымды қарым – қатынас жасау дағдыларын айтып түсіндіру.				
	8.40-8.50	Д/о:«Ойыншықты ал» Мақсаты: балалардың зейінін, есту қабілетін дамыту. ҚР Мемлекеттік гимні	Д/о:«Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.	Д/о: «Ғажайып қоржын» Мақсаты: балаларға ойыншық атауларын ағылшын тілінде қайталата отырып, қысқа сөйлем құрауға үйрету. Сөздік қорын байыту.	Д/о: «Не артық?» Мақсаты: балалардың зейінін, байқампаздығын арттыру.	С/р/о: «Ойыншық дүкені» Мақсаты: дүкенші мамандық иесінің еңбегін бағалауға үйрету, шығармашылық шеберліктерін шыңдау.
		Жаттығулар кешені				
	8.50-9.00	Ойын- жаттығу: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.Тазалықтың досы Су дегенім осы.				
Таңертенгі гимнастика						
Гигиеналық шаралар						

Таңғы ас	9.00-9.20	Тамақты төкпей, қоқымдарын жерге шашпай ұқыпты тамақ ішулерін қадағалау. Асханада тыныштықты сақтау. Бата беру. Денге саулық берсін, Басқа амандық берсін. Әумин. Астан кейін беті қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу.				
Гигиеналық шаралар		Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар мен баяу қимылды ойын-жаттығулар				
Ойындар. Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.	9.20-9.30	Қ.қ.о.: «Автобуста келеміз» Мақсаты: көңіл күйлерін көтеру.	Д/о: «Не артық?» Мақсаты: балалардың зейінін, байқампаздығын арттыру.	Д/о: «Үй құстары» Мақсаты: құстардың аттарын атау.	Д/о: «Не өзгерді?» Мақсаты: көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.	Д.о.: «Кім жылдам?» Мақсаты: балаларды жылдам ойлауға, шапшандыққа тәрбиелеу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі Әр оқу қызметінен кейін гигиеналық шаралар	09.30-11.15	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ит және оның кішкентай күшіктері (Сурет бойынша әңгімелеу)» Мақсаты: Үй жануары – ит туралы мәліметтер беру, сурет арқылы әңгімелей білу дағдыларын дамыту. Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» Күтілетін нәтиже: Біледі: иттің дене мүшелерін; Игереді: дыбыстарды дұрыс айтуға. Меңгереді: мақал – мәтелдерді көбірек айтуды; 2. Сурет салу	1. Математика негіздері Тақырыбы: «Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы.» Мақсаты: Заттар саны мен цифр арасындағы байланысты қою; «үлкен, кіші, кішкентай» өлшемдері, әртүрлі өлшемдегі шаршы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Шаршы құрастыр» Күтілетін нәтиже: Біледі: «үлкен, кіші, кішкентай» сөздерінің мәнін түсініп, оларды сөз арасында қолдануды; заттардың	1. Жаратылыстану Тақырыбы: «Мол өнім» Мақсаты: Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. Табиғатқа қамқор қарым-қатынасты тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Төртіншісі артық» Күтілетін нәтиже: Біледі: табиғаттағы маусымдық күз мезгіліндегі өзгерістерді, адамдар мен қоршаған орта жағдайының арасындағы байланысты,	1. Құрастыру Тақырыбы: «Кітапша» Мақсаты: Қағаздан құрастыруға үйрету, қағаздың тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп бұрыштарды және тараптарды біріктіру, бөліктің негізгі түріне желімдеу. Күтілетін нәтиже: Біледі: қағазды қос бүктеу арқылы кітапша жасауды; Игереді: заттарды атайды және ажыратады, олардың өлшемін, түсін, пішінін, жасалған материалын	1. Мүсіндеу Тақырыбы: «Бақшадағы қызанақ пен қияр». Мақсаты: түрлі тәсілдерді қолданып мүсіндеуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қапшық» Күтілетін нәтиже: Біледі: ермексазды алақан арасына салып есу, домалақтау тәсілдерімен қызанақ пен қиярды мүсіндейді; Игереді: ұқыпты жұмыс істеуді; көккөністің адам ағзасына пайдасын; Меңгереді: домалақ және сопақ пішіндер жасауды; Дене шынықтыру

		Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым» (заттық сурет салу) Мақсаты: Домалақ пішінен доптың суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеуді үйрету, шыдамдылыққа сыйласымды, қарым – қатынасқа тәрбиелеу, суретті қыл қаламен салу және бояу әдіс – тәсілдерін меңгерту. Дидакти-қ ойын: «Ойыншықты атай аласын ба?» Күтілетін нәтиже: Біледі: ойыншықтарды таниды; Игереді: сұрақтарға жауап беру, ұжыммен жұмыс жасай біледі; Меңгереді: қарандашпен еркін жұмыс істеуді, ұқыпты бояуды. Дене шынықтыру (нұсқаушысы)	ұқсас белгілерін (көлемі) тауып, оларды сол белгілеріне қарай біріктіруді; Игереді: сандарды санауды, заттарды көлеміне қарай салыстыруды; Меңгереді: шаршының көлемі жағынан әртүрлі болатынын. 2.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ойыншықтар» өлеңі. Н. Әлімқұлов. Мақсаты: Өлеңді эмоционалды қабылдай білуді дамыту, түсініп, есте сақтауға үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидакти-қ ойын: «Жаңа қуыршақ» Күтілетін нәтиже: Біледі: өлеңнің мазмұнын түсініп, жатқа айтуды; Игерді: ойыншықтар туралы тақпақ, жұмбақ, суретке қарап әңгіме құрауды;	табиғатта өзін-өзі дұрыс ұстау түсініктерін; Игереді: күз мезгіліне тән ерекшеліктерді талдау жолдарын, ауызша жеткізе білу әдіс-тәсілдерін; Меңгереді: Күзге тән ерекшеліктерді сипаттайды, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша суреттеу мен әңгімелер ойлап табады, салыстыруды. Дене шынықтыру (таза ауада) Орыс тілі (мұғалімі)	анықтайды; Меңгереді: қағаздан көлемді пішіндерді жасауды. Музыка (жетекшісі)	
--	--	--	---	--	--	--

			Меңгереді: ойыншық тардың түрлерін ажыратуды. 3. Музыка (жетекшісі)			
Дәрумендер терапиясы Гигиеналық шаралар	11.15-11.20	Балаларға денсаулықтарын нығайту мақсатында жемістер беру. Балаларға жеміс жидектің құрамындағы дәрумендердің адам ағзасы үшін қандай пайдасы бар екенін түсіндіріп кету.				
Серуен	11.20-12.30	Картотека №9	Картотека №10	Картотека №11	Картотека №12	Картотека №13
Серуеннен оралу	12.30-12.45	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, үстіндегі киімдерінің қандай екеніне назарларын аудару.Қыз бала мен ұл баланың киімдері қандай болатыны жайлы әңгімелесіп шешіну.Серуенен алған әсерлерімен бөлісуге үйрету; Гигиеналық шаралар.				
Түскі ас	12.45-13.05	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. Ас мәзірімен танысу, үстел басында дұрыс отыру ережелерін сақтау, тамақты тауысып, ұқыпты ішулерін қадағалау, алғыс білдіру, бата беру.				
Гигиеналық шаралар	13.05-13.15	Астан кейін мәдени гигиеналық шараларды орындау. Киімдерін әдемілеп жинап, бүктеуге дағдыландыру. Ұйқыға жату.				
Түскі ұйқы	13.15-15.15	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	15.15-15.30	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.Аяқ бұлшық еттерін дамыту. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. Ойын-жаттығу: Түйме үстінен жүреміз сытыр- сытыр -сытыр Тас үстімен жүреміз тырс –тырс- тырсШалшық сумен жүреміз шолп- шолп-шолп Жолдарменен жүреміз топ -топ -топ. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Тазалықтың досы су дегенім осы Гигиеналық шаралар.				
Ойындар, дербес әрекет	15.30-16.10	С.р.о.: «Аурухана» Мақсаты: Ақ халатты абзал жандардың	Д.о.: «Кімнің заттары?»	С.р.о.: «Шаштараз» Мақсаты: Балалардың достық	Д.о.: «Кімнің заттары?»	Қ.қ.о.: «Кім жылдам жинайды?» Мақсаты: балаларды

		игілікті еңбегіне деген балалардың сүйіспеншіліктерін арттыру.	Мақсаты: Өзіне таныс, белгілі сөздерді ұқсас жаңа сөздермен грамматикалық түрлендіре атау,сөйлем құру.	қарым-қатынастарын,ұжымдық сезімдерін дамыту. Еңбекке деген,сүйіспеншіліктерін арттыру.	Мақсаты: жақын адамдарының заттарын анықтау; Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	ептілікке,жылдамдыққа үйрету.
Вариативті компонент Гигиеналық шаралар	16.10-16.35			В.К. «Өнерлі екен он саусақ» Тақырыбы: «Сиыр» сурет салу Мақсаты: сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйрету, жаттықтыру.		В.К. «Тәрбие – тал бесіктен» Тақырыбы: «Әдептілік сөздер»
Бесін ас	16.35-17.00	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу. Ас мәзірімен таныстыру. Асханада мәдениет ережелерін сақтауды естеріне түсіру, дұрыс отыру, тамақты тауысып, ұқыпты ішулерін қадағалау. Бата, алғыс білдіруді ұмытпау. Дәлізде шуламауды ескерту. Гигиеналық шаралар.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс. Гигиеналық шаралар	17.00-17.25	Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдауды баулу; (Қ.Еркеназ)	сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды игеру(А.Сара, Ж.Маржан, М.Назым)	зат есімдер мен көмекші сөздерді - «үстінде, астында, артында, жанында» қолдана білуге үйрету (О.Жанерке, М.Аяулым,У.Замира)	ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыруды үйрету 5-ке дейін санау қабілетін арттыру; (Ж. Балжан, Ж.Ерасыл)	Сурет салу техникасын дағдыларын дамыту, пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын дамыту (А.Рауан, А. Сара, Б.Ясина)
Серуенге дайындық	17.25-17.30	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды қадағалау. Балабақша ауласына серуен.				
Серуен	17.30-18.30	Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар» Мақсаты: шапшандыққа, ептілікке баулу.				
Балалардың үйге қайтуы	18.30	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу	«Не ұшпайды?»	Балалар отбасында өздері не істей	Ата-аналармен төлем ақыны уақытылы	Ата-аналарға демалыс күндерінен соң спорттық киімдерін,

		Балалардың тәрбиеші-ден сұранып үйге қайтуы.	Мақсаты: ұшатын және ұшпайтын заттарды ажырата білу.	алатындары туралы әңгімелесу.	төлеулері жайлы жұмыс жүргізу.	ұйықтарда киетін киімдерін, қыз балалар тарақтарын ұмытпауды ескерту.
--	--	--	--	-------------------------------	--------------------------------	---

Тексерілді: әдіскер Н.Б.Абишева



Тәрбиеші: Г.Ж.Муханова

ЦИКЛОГРАММА
Бір аптаға (20 – 24 қыркүйек 4 -ші апта 2021ж.)
«Балдырған» ересектер тобы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Тақырыбы: «Жиһаздар»

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;
5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) Таңертеңгі гимнастика Гигиеналық шаралар	8.00-8.40	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балабақша мен балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту, балабақшаға жағымды көзқарастарын қалыптастыру				
	8.40-8.50	Ата-аналармен әңгімелесу ҚРМемлекеттік гимні.айту.	Үстел үстінде ойын: «Мозаика», Түстерді айыра білу,	«Өз үйінді тап» Балалардың логикалық ойлауларын бақылау.	Саусақ ойыны «Үй жануарларын тап» Қол моторикасын дамыту.	Құрылыс материалдармен ойнау.
		Жаттығулар кешені				
	8.50-9.00	Тамаққа отырғанда дұрыс отыру,арқасын тік ұстау,оң жақ қолына қасықты сол қолына нан ұстау.Асты төкпей шашпай жеп ішу.Тамақ ішіп болғасын «рахмет»деп айту.				
Таңғы ас	9.00-9.20	Тамақты төкпей, қоқымдарын жерге шашпай ұқыпты тамақ ішулерін қадағалау. Асханада тыныштықты сақтау. Бата беру. Денге саулық берсін,				

Гигиеналық шаралар		Басқа амандық берсін. Әумин. Астан кейін беті қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу.				
Ойындар. Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.	9.20-9.30	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар мен баяу қимылды ойын-жаттығулар				
		Дид.ойын «Топтағы жиназдарды ата» Мақсаты: дұрыс жауаптарын алу.	Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Мақсаты: Балалар өз түстерін тауып тұрады.	«Кім тез жемістерді жинайды» Мақсаты: Атын атап,түсін айту.	Қимылды ойын: «Машина мен торғайлар» Мақсаты: жылдам,епті болу	Сергіту сәті: «Тербеледі ағаштар» Мақсаты: қимыл-қозғалыстар жасау.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі Әр оқу қызметінен кейін гигиеналық шаралар	09.30-11.15	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Масак» украин халық ертегісі Мақсаты: Ертегінің әңгімеден айырмашылығын түсіндіру. Міндеттері: а) Балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету, өз ойларымен бөлісе отырып, «т», «в» дыбыстарын анық айтуға жаттықтыру. ә) Ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру. б) Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жалқаулыққа бой алдырмауға баулу. Күтілетін нәтиже: біледі:ертегі кейіпкер-	Математика негіздері Тақырып: Сандарды салыстыру. Тәулік бөлігі. Сол жағында, ортасында,оң жағында. Мақсаты: 4 көлемінде санау дағдыларын, тәулік бөліктері, заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы білімдірін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: біледі:тәулік бөліктерін, өзіне қатысты тұрғыда заттардың орналасуын сөзбен баяндауды (сол жақта, ортада, оң жақта); түсінеді: саны жағынан аз топқа жетіспей тұрған затты қоса білуді; саны бірдей, бірақ түрлі заттардан құралған топтарды теңестіруді;	Жаратылыстану Тақырыбы: «Аяғы бар қалпақтар» Мақсаты: Саңырауқұлақтардың 2-3 түрін ажырату және атай алу дағдысын қалыптастыру. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Өсімдіктер әлеміне қамқор және мейірімді қарымқатынасын, зейін салуын, танымдық қызығушылығын тәрбиелеу Күтілетін нәтиже: жасайды: саңырауқұлақтың бірнеше түрін ажыратып, атайды; түсінеді: саңырауқұлақ-тарды неліктен жеуге жарамды және жарамсыз деп	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Топ жиназдары» Мақсаты: Топ бөлмелеріндегі жиназдарды дұрыс атауды үйрету, оларға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: жасайды:қай заттың қайда тұратының ұғынады. түсінеді: топтағы ойыншықтарды атай біледі,оны сындырмай ойнау керектігі жайлы түсінеді. қолданады: өсімдіктерге күтім жасау керектігін.	Жапсыру Тақырыбы: «Табақты әшекейлейміз» Мақсаты: Балаларды қазақ халқының тұрмысымен таныстыруды жалғастыру ;ұлттық өнерлермен таныстыру. Табақты өрнектермен әшекелеуді үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Ұқыпты желімдеуге жаттықтыру.Әшекелеу дағдыларын арттыру, сылулықты сезіне білуге тәрбиелеу.Қазақтың өнеріне қызығушылығын тудыру.Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: жасайды: «қошқар-мүйіз»,»күстұмсық», «гүл күлтесі»оюларын қиып,ыдысты әшекейлейді.

		лерін; түсінеді: кейіпкерлер дауысын айнытпай салуды; қолданады: бәлішті қалай жасау керек-тігін. Сурет салу Тақырыбы: «Үй жиһаздары» (Сандық) (Сәндік сурет салу) Мақсаты: Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстырып, сандықты қазақ оюларының кейбір элементтерімен әшекейлеуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Біледі: жиһаз түрлерін, қажеттілігін, оларды ұқыпты пайдалануды. Түсінеді: жиһаздардың орысша атауларын. Игереді: жұмбақтар шешуді, тақпақтар айтуды, ойын тапсырмаларын орындауды. Дене шынықтыру (д/ш нұсқаушысы)	қолданады: тәулік бөліктері туралы ұғымды; заттарды санауды. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі Мақсаты: Мәтінді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу артикуляциялық дағдыларын қалыптастыру Күтілетін нәтиже: біледі: ертегінің мазмұнын; түсінеді: ертегідегі кейіпкерлердің әр түрлі екенін; қолданады: ертегідегі кейіпкерлерді атау үшін өздерінің сөздік қорларын. Музыка (музыка жетекшісі)	атайтынын; қолданады: дидактикалық ойын шеңберінде саңырауқұлақтарды ажырата алу дағдыларын Дене шынықтыру (д/ш нұсқаушысы) (таза ауада)		түсінеді: «қошқар-мүйіз», «құстұмсық», «гүл күлтесі» оюларының мәнін. қолданады: қағаздан ою қияды, симметриялы етіп орналастырады. Дене шынықтыру (д/ш нұсқаушысы)
Дәрумендер терапиясы Гигиеналық шаралар	11.15-11.20	Балаларға денсаулықтарын нығайту мақсатында жемістер беру. Балаларға жеміс жидектің құрамындағы дәрумендердің адам ағзасы үшін қандай пайдасы бар екенін түсіндіріп кету.				
Серуен	11.20-12.30	Картотека №14	Картотека №15	Картотека №16	Картотека №17	Картотека №18

Серуеннен оралу	12.30-12.45	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, үстіндегі киімдерінің қандай екеніне назарларын аудару.Қыз бала мен ұл баланың киімдері қандай болатыны жайлы әңгімелесіп шешіну.Серуенен алған әсерлерімен бөлісуге үйрету; Гигиеналық шаралар.				
Түскі ас	12.45-13.05	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. Ас мәзірімен танысу, үстел басында дұрыс отыру ережелерін сақтау, тамақты тауысып, ұқыпты ішулерін қадағалау, алғыс білдіру, бата беру.				
Гигиеналық шаралар	13.05-13.15	Астан кейін мәдени гигиеналық шараларды орындау. Киімдерін әдемілеп жинап, бүктеуге дағдыландыру. Ұйқыға жату.				
Түскі ұйқы	13.15-15.15	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	15.15-15.30	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.Аяқ бұлшық еттерін дамыту. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. Ойын-жаттығу: Түйме үстінен жүреміз сытыр- сытыр -сытыр Тас үстімен жүреміз тырс –тырс- тырсШалшық сумен жүреміз шолп- шолп-шолп Жолдарменен жүреміз топ -топ -топ. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Тазалықтың досы су дегенім осы Гигиеналық шаралар.				
Ойындар, дербес әрекет	15.30-16.10	С.р.о.: «Аурухана» Мақсаты: Ақ халатты абзал жандардың игілікті еңбегіне деген балалардың сүйіспеншіліктерін арттыру.	Дидактикалық ойын: «Кімге не қажет» Шарты: Берілген суреттерді рет-ретімен орналастыру керек	С.р.о.: «Шаштараз» Мақсаты: Балалардың достық қарым-қатынастарын,ұжымдық сезімдерін дамыту. Еңбекке деген,сүйіспеншіліктерін арттыру.	Д.о.: «Кімнің заттары?» Мақсаты: жақын адамдарының заттарын анықтау; Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	Д/о: «Жиһаздар мен ыдыстар» Қане Машаға ыдыстар мен жиһаздарды жинауға көмектесейік. Маша қандай ыдыстан тамақ ішті? Маша оянды, кімді көрді? (қорыққан түрді көрсетеді) Міне біз ертегінің соңына да келіп қалдық .

						балалар іздермен жүріп өтіп, орындықтарына отырады Үш тілде қайталап айтады.
Вариативті компонент Гигиеналық шаралар	16.10-16.35			В.К. «Өнерлі екен он саусақ» Тақырыбы: «Паровоз мүсіндеу» Мақсаты: Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс – тәсілдерін түсіндіру		В.К. «Тәрбие – тал бесіктен» Тақырыбы: «Қуыршақтар»
Бесін ас	16.35-17.00	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу. Ас мәзірімен таныстыру. Асханада мәдениет ережелерін сақтауды естеріне түсіру, дұрыс отыру, тамақты тауысып, ұқыпты ішулерін қадағалау. Бата, алғыс білдіруді ұмытпау. Дәлізде шуламауды ескерту. Гигиеналық шаралар.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс. Гигиеналық шаралар	17.00-17.25	Бейнелеу тәсілдері туралы түсініктерін қалыптастыру (нүкте, сызық, ырғақ) (У.Замира,Т.Айлана О Жаңерке)	5 -ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрақтарына жауап беруді үйрету (Ж.Аяулым, К.Арсен, З.Дарин)	геометриялық пішіндерді және геометриялық денелерді зерттеу барысында олардың пішнін, көлемін көзбен өлшеу арқылы ойлауды, есте сақтауды, киялдауды дамыту (Ж.Жеңіс, А. Ержигит, Ж. Қажымұқан)	дауысты және дауыссыз дыбыстардың анық, таза, әрі түсінікті дыбыстап айта білу біліктерін дамыту; ізгі сөздерді күнделікті айта білуге дағдыландыру (Ж.Балжан, Ж.Ерасыл, Ш.Раяна)	төртбұрышты пішіндегі заттарды, оларды дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп бейнелеуге дағдыландыру (М.Аяулым, М.Назым, Қ. Еркеназ)
Серуенге дайындық	17.25-17.30	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды қадағалау. Балабақша ауласына серуен.				

Серуен	17.30-18.30	«Тышқан мен мысық» Ойын мақсаты: балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	18.30-	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиеші-ден сұранып үйге қайтуы.	«Не ұшпайды?» Мақсаты: ұшатын және ұшпайтын заттарды ажырата білу.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен төлем ақыны уақытылы толеулері жайлы жұмыс жүргізу.	Ата-апаларға демалыс күндерінен соң спорттық киімдерін, ұйықтарда киетін киімдерін, қыз балалар тарақтарын ұмытпауды ескерту.

Тексерілді: әдіскер Н.Б.Абишева



Тәрбиеші: Р.М. Алдабаева

ЦИКЛОГРАММА
Бір аптаға (27 – 01 қыркүйек 5 -ші апта 2021ж.)
«Балдырған» ересектер тобы
ЦИКЛОГРАММА
Бір аптаға (27 – 31 қыркүйек 5 -ші апта 2021ж.)
«Балдырған» ересектер тобы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Тақырыбы: «Күз сыйы»

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;
5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

Күн тәртібі	Уақыт ы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	8.00-8.40	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Қоршаған ортаға жағымды мінез құлық пен үлкендермен жағымды қарым – қатынас жасау дағдыларын айтып түсіндіру.				
	8.40-8.50	Фото сурет құрастыру «Жомарт күз» Мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялын, есте сақтау қабілетін арттыру. Қ.Р. Мемлекеттік гимні	Д/о: «Ойлан тап» Мақсаты: балалардың зейінін, ойлау, есту қабілетін дамыту; жемістер мен көкөністерді ажырата алу білімдерін кеңейту.	Д/о: «Не артық?» Мақсаты: балалардың зейінін, байқампаздығын арттыру.	Үстел үсті ойыны «Жемістерді құрастыр» Мақсаты: құрастырып ойнауға, тату ойнауға	Үстел - үсті ойыны: «Мозайка»

Таңертеңгі гимнастика Гигиеналық шаралар	8.50-9.00				үйрету, ойлау қабілетін дамыту.	
		Жаттығулар кешені				
		Ойын- жаттығу: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Тазалықтың досы Су дегенім осы.				
Таңғы ас Гигиеналық шаралар	9.00-9.20	Тамақты төкпей, қоқымдарын жерге шашпай ұқыпты тамақ ішулерін қадағалау. Асханада тыныштықты сақтау. Бата беру. Дастарханыңа береке берсін, Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Дендеріңе саулық берсін! Әмин! Астан кейін беті қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу.				
Ойындар. Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.	9.20-9.30	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар мен баяу қимылды ойын-жаттығулар				
		Д/о:«Не өзгерді?» Мақсаты: көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.	Д/о: «Табиғат мейірімді» Мақсаты: балалардың зейінін, сөздік қорын дамыту.	Дидактикалық жаттығу: «Зейінді бол» Мақсаты: тыңдау, есту қабілеттерін одан ары қарай жетілдіру.	Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдерін ажырат» Мақсаты: балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін, сөздік қорын дамыту.	Дидактикалық ойын: «Кім көп айтады?» Мақсаты: Балалардың қызығушылықтарын дамыта отыра, сөздік қорын молайту.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі Әр оқу қызметінен кейін	09.30-11.15	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «З» және «с» дыбыстары (Дыбыстық сөйлеу мәдениеті) Мақсаты: Дыбыс жайлы түсінік беру. Міндеттері: а) Балаларға «З» және «с»	1.Математика негіздері Тақырып: Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы. Мақсаты: заттар саны мен цифр арасындағы	1. Жаратылыстану Тақырыбы: «Даст арханға нан кайдан келді» Мақсаты: Дәнді дақылдарды өсіру	1. Құрастыру Тақырыбы: «Қаңқыз» Мақсаты: қалдық заттардан құрастыру дағдыларын	1.Мүсіндеу Тақырыбы: «Жолдағы кірпі» Мақсаты: заттық мүсіндеуде пропорцияларға бөлуге үйрету.

гигиеналық шаралар	дыбыстарының дұрыс жазылуын көрсету және түсіндіру. ә) Барлық дауысты және дауыссыз дыбыстардың анық, таза, әрі түсінікті дыбыстап айта білу біліктерін дамыту; ізгі сөздерді күнделікті айта білуге дағдыландыру. б) Үнемділікке тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық құрал, сөйлеуді дамыту дәптері. Сөздік жұмыс: күз, су. Билингвалды компонент: күз – осень – autumn, су – вода – water. Сергіту жаттығуы. Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау, Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау. (Қ.Ыдырысов) Дидактикалық ойын: «З және С дыбыстары» Мақсаты: баланың ойлау қабілетін дамыту және «З» мен «С» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Ойын шарты: сөйлеуді дамыту дәптерімен орындалады. Жаңылтпаш жаттату. Арықтан су сылдырлап ағады,	байланысты қою; «үлкен, кіші, кішкентай» өлшемдері, әртүрлі өлшемдегі шаршы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Қажетті көрнекі құралдар: санау материалдары, демонстрациялық материал (№3 кесте), шаршы пішінді заттардың суреті, карточкалар, № 1 жұмыс дәптері. Билингвальді компонент: сәбіз – морковь, алма – яблоко, шаршы – квадрат, қоян – заяц. Сергіту сәті. «Күшік». Мен – күшік, саққұлақ, Ойнаймын шапқылап. Серікпін қашан да Малшыға, шопанға. Жұмбақ шешу. 1.Бейқам жатқан ел іздейді, Малдан күдер үзбейді. Қорадағы қойға шабады, Кәне, жауабын кім табады? (Қасқыр) 2.Жаңғақ толы орманда, Күндіз тамақ айырып. Жатады кеш болғанда, Өз құйрығын жамылып. Бұл не? (Тиін) Күтілетін нәтиже: Біледі: «үлкен, кіші, кішкентай» сөздерінің мәнін түсініп, оларды сөз	туралы түсініктерін қалыптастыру, нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту. Балалардың білімге құштарлығын, зерттеу әрекетіне ұмтылысын дамыту. Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу. Алдын ала жұмыс: тақырып бойынша әңгімелесу, көркем шығармаларды оқу, ересектердің еңбегін бақылау, жұмбақ шешу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс, дидактикалық (үстел үсті-баспа) ойындар. Жабдықтар мен материалдар: тақырып бойынша иллюстрациялық материал, әліппедәптер, бояу қарындаштар, дәндер салынған табақшалар (арпа, бидай, қара бидай,	қалыптастыру, қалдық заттарды сапасына, көлеміне қарай пайдалана білуге үйрету; түрлі заттар жасауға баулу, жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Міндеттері: - қалдық заттарды қолдана отырып қанқыз қоңызын жасау жолдарын үйрету; - жәндіктер туралы білімдерін толықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту; - жәндіктерге қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: бөтелкенің қақпақтары, ұсақ «малта тастар» ермексаз, гуашь бояу, үлестірмелі материалдар. Сөздік жұмыс: қанқыз, малта тастар. Билингвальді	Міндеттері: балаларға кірпі туралы мағлұмат беру; ермексаз бен шырша қылқандарын пайдаланып, кірпі пішінін жасауды меңгерту; ермексазды алақан арасына салып домалақтай алу тәсілін үйретуді жалғастыру; тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, жануарларды қорғауға тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: кірпінің суреттері, ермексаз, тақтайша, шырша қылқандары, сулық, үлестірмелі материал, ойыншық қоян. Сөздік жұмыс: ғажайып. 16 Билингвальді компонент: жол – дорога, кірпі – ежик. Шаттық шеңбері: Шуақ шаша алтын таңда, Мөлдір таза
----------------------------------	--	--	--	--	--

